

Register your product and get support at

www.philips.com/welcome

PFL50x8H/12

PFL50x8K/12

PFL50x8T/12

PFL50x8T/60

PFL50x8M/08

КК Пайдаланушы нұсқаулығы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	3
	Қауіпсіздік	3
	Күтім	5
	Занды	7
	Тұрақтылық	9
	Анықтама және қолдау	11
2	Теледидарды пайдалану	12
	Теледидардың басқару элементтері	12
	ТД көрү	14
	Бағдарламалық нұсқаулықты көрү	19
	3D көрү	20
	Ambilight	22
	Мультимедиа файлдарын ойнату	23
	Smart TV	26
	Өзара белсенді ТД	29
3	Теледидардың қосымша мүмкіндіктерін пайдалану	30
	Теледидарды кіріту	30
	Телешоуларды жазу	32
	Skype™ қызметін пайдалану	34
	Ойындар ойнату	39
	Телемәтінді көрү	40
	Блоктау мен таймерлерді орнату	42
4	Теледидар параметрлерін өзгерту	44
	Сурет пен дыбыс	44
	Канаудар	46
	Жерсерік параметрлері	50
	Тіл параметрлері	51
	Әмбебап кіру параметрлері	52
	Басқа параметрлер	54
	Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту	54
	Барлығын қайта орнату	56
5	Теледидарды қосу	57
	Кабельдер туралы	57
	Антеннаны қосу	58
	Құрылғылар жалғау	58
	Қосымша құрылғыларды қосу	65
	Жалғаулы құрылғыларды көрү	68
	EasyLink құрылғыларын орнату	69
	Желіге және Интернетке қосу	72
	САМ (Шартты кіру модулі)	
	модулін қосу	75
6	Ақаулықтарды жою	76
	Жалпы мәселелер	76
	Арналарға қатысты ақаулықтар	77
	Сүрет ақаулары	77
	Дыбыс ақаулары	78
	Байланысқа қатысты ақаулықтар	79
	Желіге қатысты ақаулықтар	79
	Philips компаниясына хабарласу	80
7	Ерекшеліктер	81
	Куат және қабылдау	81
	Дисплей және дыбыс	81
	Экран ажыратымдылығы	81
	Мультимедиа	82
	Байланыс мүмкіндігі	85
	Анықтама нұсқасы	85
8	Индекс	86

1 Манызды ақпарат

Қауіпсіздік

Сақтандыру шаралары

Теледидарды пайдаланардың алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алыңыз. Нұсқауларды орындау қателігінен ақаулық туындаса, кепілдік қолданылмайды.

Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!

- Теледидарды жаңбырга немесе сұға шығарманызы. Теледидардың жаңында ваза сияқты сұйықтық құйылған ыдыстарды қоймаңыз. Егер сұйықтық теледидардың үстінен немесе ішінен тәгілсе, теледидарды қуат розеткасынан бірден ажыратыңыз. Теледидарды пайдаланбастан бұрын оны тексеріп алу үшін Philips тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Ешқашан теледидарды, қашықтан басқару пультін немесе батареяларды жалаңаш жалынның немесе басқа қызу көздерінің жаңына, оның ішінде тікелей күн шуағына қоймаңыз. Өрттің жайылып кетуіне жол бермеу үшін шырағданы немесе басқа жалынды теледидардан, қашықтан басқару пультінен және батареялардан барлық уақытта алыс ұстаныз.



- Ешқашан теледидардың желдеткіш тесіктеріне немесе басқа ашық жерлеріне заттар салмаңыз.
- Қашықтан бақылау немесе батареяларды жаңбырга, суға немесе тым көп қызулы жерлерге шығарманыз.
- Қуат розеткасына қатты құш салмаңыз. Қуат розеткасының қуат көзіне толық қосылғанын тексерініз. Бос тағылған қуат розеткасы күнеге немесе өртке себеп болуы мүмкін.
- Теледидар айналмалы етіп орнатылғанда, электр шнурының тартылып тұрмадынан көз жеткізініз. Ток сымындағы дәнектер байланысты нашарлатуы және қуюнан себеп болуы мүмкін.
- Теледидарды ток көзінен ажырату үшін теледидардың электр шнуры ажыратылуы керек. Электр шнурын ажыратқанда, шұрдан емес, әрдайым ашасынан тартып сұрыныңыз. Барлық уақытта электр ашасына, электр шнурына және ток көзіне оңай қол жеткізе алатыныңызға көз жеткізініз.

Теледидарды закымдау қаупі бар!

- Салмағы 25 кг-нан немесе 55 фунттан асатын теледидарды екі адам көтеріп тасымалдауды тиіс.
- Теледидарды тіреуіне орнатқан кезде тек жинақтагы тіреуді пайдаланыңыз. Теледидарға тіреуді қауіпсіз етіп орнатыңыз. Теледидар мен тіреудің салмағын біркелкі ұстап тұра алатын тегіс, жазық жерге теледидарды орналастырыңыз.
- Теледидарды қабырға орнатқан кезде теледидардың салмағын ұстап тұра алатын қабырға тіреуін ғана пайдаланыңыз. Қабырға тіреуің теледидар мен қабырға тіреуінің салмағын біркелкі ұстап тұра алатын қабырғаға орнатыңыз. TP Vision Netherlands B.V. қабырғаға дұрыс орнатылмау салдарынан апатқа, адамның жаракаттануына немесе закымдануға жауапкершілік артпайды.

- Теледидарды сақтау қажет болса, тіреуді теледидардан алып тастаңыз. Тіреу орнатылған кезде теледидарды артқы жағымен қоймаңыз.
- Теледидарды ток көзіне қосардың алдында, электр кернеуінің теледидар артындағы мәнгे сәйкес келеттініне көз жеткізіңіз. Егер кернеу басқа болса, теледидарды ешқашан ток көзіне қоспаңыз.
- Осы өнімнің бөлшектері әйнектен жасалуы мүмкін. Жарақат алмас үшін және закымданбас үшін абайлаг ұстаныңыз.

Балалардың жаракттану қаупі бар!

Теледидардың балалар үстінен құлап, олардың жаракттануына жол бермеу үшін мына сактандыру шараларын орындаңыз:

- Ешқашан теледидарды сырғанап тұрмайтын жапқыш немесе басқа материал жабыған жерге қоймаңыз.
- Теледидардың ешқандай бөлігінің шетінен салбырап тұрмаганына көз жеткізіңіз.
- Ешқашан теледидарды ұзын жиназға, кітап шкафы сиякты қабырғаға жинаңыз бен теледидарды бекітпей немесе қолайлы демеусіз орналастырманыңыз.
- Теледидарға жету үшін жиназға мінуден қауіп-қатерлер болатыны туралы балаларды хабардар етіңіз.

Батареяларды жұтып қою қаупі бар!

- Бұйымда/қашықтан басқару құрылғысында жұтуға болатын тыныға ұқсас батарея болуы мүмкін. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаныңыз!

Қатты қызып кету қаупі бар!

- Ешқашан теледидарды тар жерге орнатпаңыз. Эрқашанда теледидардың жедетілуіне айналасынан кемінде 4 дүймдей немесе 10 сантиметрдей бос орын қалдырыңыз. Теледидардың жедеткіш тесіктерін перделердің немесе басқа заттардың жауып қалмауын қадағалаңыз.

Тоқ сымының зақымдану немесе өртену қаупі!

- Ешқашан теледидарды немесе басқа заттарды электр шнурының үстінен қоймаңыз.
- Найзагай алдында теледидарды қуат көзінен және антеннадан ажыратып қойыңыз. Найзагай кезінде теледидардың кез келген бөлігіне, қуат сымына немесе антенна кабеліне түйспеніз.

Есту қабілеті зақымдану қаупі!

- Құлакқапты жоғары дауыс деңгейінде немесе ұзақ ұқыт пайдаланудан сактандыңыз.

Төмен температуралар

- Егер теледидар 5°C немесе 41°F мәнінен төмен температурада тасымалданса, теледидарды қуат көзіне жалғаудан бұрын, оны қорабынан шығарып алып, теледидардың температурасы мен сәйкес келгенше күтіңіз.

3D деңсаулыққа зияндығын ескерту

Тек 3D теледидарлары үшін.

- Сіз немесе сіздің отбасының қояншық немесе жарық сезіштікten ауырсаның, жарық көздеріне, жылдам кескін ретін шықпастан бұрын немесе 3D көрмestен бұрын медицина қызметкерімен кеңесініз.
- Бастың айналуы, бастың ауыруы немесе бағдардың дұзылуы сияқты ынғайсыздықты болдырмау үшін ұзақ уақыт 3D көрмеуінді ұсынамыз. Кез келген ынғайсыздықты сезінсөз, 3D көруді токтатының және симptomдар кетпейінше, кез келген ықтималды қаупі бар әрекетпен (мысалы, көлік жүргізумен) бірден айналыстаңыз. Симptomдар бар болса, бірінше медицина қызметкерімен кеңеспейінше, 3D көруді жағастырманыз.
- 3D көру кезінде ата-аналар өздерінің балаларын қадағалауы қажет және жоғарыда айтылған ынғайсыздықтарды сезінбейтіндеріне көз жеткізу қажет. Көру қабілеті әлі тоłyқ жетілмелегендіктен, алты жасқа толмаған балаларға 3D көру ұсынылмайды.
- 3D көзілдірігін осы 3D теледидарын көруден басқа ешқандай мақсатқа пайдаланбаңыз.

Күтім

Экран

- Теледидардың экранына закым келу қаупі бар! Ешқашан экранды ұстамаңыз, баспаңыз, ықсыла маңыз немесе кез келген нысанмен қырманыз.
- Тазалау алдында теледидардың шинурын ажыратыңыз.
- Теледидар мен жақтауын жұмсақ, ері дымқыл шуберекпен тазалаңыз және жайлап сүртіңіз. Теледидардың артқы жағындағы Ambilight ЖШД шамдарын ұстамаңыз. Ешқашан алкоголь, химиялық заттар немесе тұрмыстық тазалағыштар сияқты заттарды теледидарға пайдаланбаңыз.
- Сызылуын және түсінің кетуін болдырмау үшін, мүмкідігінше су тамшыларымен сүртіп тұрыңыз.
- Мүмкіндігінше негізгі суреттерді қолданбаңыз. Қозғалмайтын кескіндер дегеніміз экран бетінде ұзақ уақыт сақталатын кескіндер. Қозғалмайтын кескіндерге экрандық мәзірлер, кара жолақтар, уақыт дисплейлері және т.б. жатады. Егер қозғалмайтын кескіндерді пайдалану керек болса, экранның закымдануын болдырмау үшін экран контрасты мен жарықтығын азайтыңыз.

3D көзілдірігі

3D көзілдірігі берілген күрүлғылар үшін.

Көзілдірікті күту үшін мына нұсқауларды орындаңыз:

- Линзада жарық түсін болдырмас үшін таза жұмсақ матаны (микроталшықты немесе мақталы фланель) пайдаланыңыз. Тазалауға арналған күралды тікелей 3D көзілдірігіне шашпаңыз. Күннен корғайтын көзілдіріктер шығаратын ен танымал өндірушілер шығарған алдын ала дымқылданған тазалағыш маталарды пайдалануға болады.
- 3D көзілдірігін тікелей күн сәулемесіне, ыстыққа, отка немесе суға шығарманың. Ол өнімнің жұмыс істемеүіне немесе өрттің шығуына әкеліу мүмкін.
- 3D көзілдірігінің линзасын түсіріп алмаңыз, майыстырмаңыз немесе күш түсірменіз.
- Күрамында спирт, еріткіш, беттік активті заттар немесе балауыз, бензол, сұйылтқыш, масадан корғайтын зат немесе май бар тазалағыш химиялық заттарды пайдаланбаңыз. Осы химиялық заттарды пайдалану түссізденуге немесе жарық түсінене әкеледі.

Орнату кеңестері

- Теледидарды экранына жарық тікелей түспейтін жерге орналастырыңыз.
- Бұл теледидарды көру үшін ең ынғайлы қашықтығы — үш еселік экран диагоналды. Мысалы, егер теледидар экранының диагоналы 81 см / 32 дюйм болса, теледидарды көру үшін ең ынғайлы қашықтық экран алдынан шамамен 2,5 м / 92 дюйм болады.
- Отырған кезде көздеріңіз экранның ортасымен бір деңгейде болуы керек.


Теледидарды орнату

Теледидарды орнатуды (қабырғаға орнату немесе тірекке орнату) таңдау арқылы теледидардың ен жақсы дыбыс параметрлерін қолдана аласыз.

1. түймесін басыңыз.
2. [Балтау] опциясын таңдал, одан кейін OK түймесін басыңыз.
3. [Теледидар параметрле] > [Жалпы параметрлер] > [ТД орналасуы] параметрлерін таңданыңыз.
4. [Тел-р тіреуішінде] не [Қабырғаға бекіткіш] опциясын таңдал, одан кейін OK түймесін басыңыз.

Теледидарды блоктау

Теледидардың төмөнгі жағында Кенсингтон қауіпсіздік слоты бар. Теледидарды корғау үшін, Kensington ұрлыққа қарсы құлпын сатып алыңыз (жеке сатылады).



Занда

Ескерту

2013 © TP Vision Netherlands B.V. Барлық құқыктары корғалған. Техникалық сипаттамалары ескертуіс өзгертиледі.

Сауда белгілері Koninklijke Philips Electronics N.V компаниясының немесе қатыстыри иеленушілерінің меншігі болып табылады. TP Vision Netherlands B.V. кез келген уақытта сәйкесінше жабдықтарын өзтерек реттеу міндеттісіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.

Бұл нұсқаулықтағы материал жүйені дұрыс пайдалануға жеткілікті деп саналады. Егер өнім немесе оның жеке модульдері немесе тәртіппері осында көрсетілгеннен басқа мақсаттарға пайдаланылса, оның негізділігі мен қолайлылығын растауға қол жеткізу керек. TP Vision Netherlands B.V. материалдарын Америка Құрама Штаттарының патенттерін бұзбайтынына кепілдік береді. Ешқандай кепілдік берілмейді немесе айтылмайды.

TP Vision Netherlands B.V. осы құжат мазмұндығы кез келген қателерге немесе осы құжат мазмұнның нәтижесі ретінде шықкан кез келген ақауларға жауапты емес. Philips құрылғысында жазылған қателер Philips колдау көрсету веб-торабына мүмкіндігінше қысқа мерзімде орнатылады және жарияланады.

Кепілдік шарттары

- Жаракат салу, теледидарды закымдау немесе кепілдіктің бұзылу қаупі бар! Ешқашан теледидарды өзініз жөндеуге талпынбаңыз.
- Теледидар мен аксессуарларды өндіруші көрсеткен мақсаттарға ғана пайдаланыңыз.
- Теледидардың артқы жағында басылған сактандыру белгілі электр тогының соғу қаупін көрсетеді. Ешқашан теледидардың жабының шешпеніз. Қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары үшін әрдайым Philips тұтынушыларға колдау көрсету орталығымен хабарласыңыз.

- Осы нұсқаулықта нақты тыйым салынған кез келген әрекет немесе осы нұсқаулықта ұсынылмаған немесе рұқсат берілмеген реттеу немесе жинау процедуралары кепілдікті жарамсыз етеді.

Пиксель сипаттамалары

Бұл СКД/ЖД өнімінде түрлі түсті пиксelderдің саны жоғары. Оның тиімді пиксelderдері 99999% не одан көп болғанымен, экранға қара дақтардың немесе жарықтың ашық нүктелерінің (қызы, жасыл немесе көк) үнемі шығуы мүмкін. Бұл дисплейдің құрылымдық сипаты (жалпы енеркесіп стандарттары шенберінде) және ол ақаулық болып саналмайды.

СЕ белгісімен үйлесімділік

Бұл өнім 2006/95/ЕС (төмен көрнеу), 2004/108/ЕС (EMC) және 2011/65/EU (ROHS) директиваларының тиісті талаптары мен басқа да сәйкес ережелеріне сәйкес келеді.



Электр магнитті өріспен (ЭМΘ) үйлесімділігі

TP Vision Netherlands B.V. тұтынушыларға арналған, басқа электрондық құрылғылар сияқты, негізінде, электр магнитті сигналдар шығаратын және қабылдайтын қабілеті бар көп өнімдер жасайды және сатады.

Philips компаниясының негізгі жұмыс ұстанымдарының бірі біздің өнімдерімізге барлық қажетті деңсаулық және қауіпсіздік шараларын сақтау, қолданыстағы барлық заң талаптарын ұстану және өнімді жасау кезінде қолданылатын ЭМΘ ішінде сақтану болып табылады.

Philips компаниясына деңсаулыққа көріністерлері жоқ өнімдерді дамыту, жасау және сату тапсырылған. TP Vision компаниясы өнімдер арналған мақсатқа дұрыс пайдаланылса, олардың қазіргі таңдағы ғылыми дәлелдерге сәйкес пайдалануға қауіпсіз екенін растайды.

Philips компаниясы халықаралық ЭМД және қауіпсіздік стандарттарын дамытуда белсенді рөл атқарып, Philips компаниясының өз өнімдеріндегі алдыңғы тұтастығы үшін стандарттауды әрі қарай дамытуға қатысуына мүмкіндік береді.

Ашық көз

Бұл өнім құрамында ашық көз лицензиясы бойынша лицензияланған бағдарламалық құрал бар. Макулдау және лицензия мәтіндерін өнім ішіндегі электрондық нұсқаулықтан қараныз. TP Vision Netherlands B.V. компаниясы осы құжатпен авторлық құқыктармен коргалған берілген өнімде пайдаланылатын ашық бастапқы бағдарламалар пакеттеріне тиесілі толық ресурстық кодтың көшірмесін сұрау бойынша ұсынады. Бұл ұсыныс тиісті лицензиялармен сұралады.

Бұл ұсыныс осы ақпаратты алу кезінде көз келген адамға бұйым сатылған күннен бастап үш жылға дейін жарамды. Көз кодын алу үшін сұрауынъязды ағылшын тілінде өнім нөмірімен бірге мына мекенжайға жіберініз:

"Intellectual Property Department, TP Vision Netherlands B.V., P.O. Box 80077, 5600 KA Eindhoven, The Netherlands."

Сауда белгілер мен авторлық құқыктар

Windows Media - тіркелген сауда белгісі немесе Microsoft Корпорациясының Америка Құрама Штаттарында және/немесе басқа елдерде сауда белгісі.



Dolby зертханаларынан алынған лицензия бойынша жасалған. «Dolby» және кос «D» таңбасы – Dolby зертханаларының сауда белгілері.



HDMI мен HDMI High-Definition Multimedia Interface сөз тіркестері және HDMI белгісі Америка Құрама Штаттарындағы немесе басқа елдердегі HDMI Licensing ЖШК сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.



Kensington және Micro Saver — дүниежүзі бойынша басқа елдерде берілген тіркеулері және қарастырылып жатқан өтініштері бар ACCO World Corporation корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері.



DLNA®, DLNA логотипі және DLNA CERTIFIED® - DLNA (Үйге арналған сандық желілер альянсы) сауда белгілері, қызмет көрсету белгілері немесе сертификаттау белгілері.



Келесі АҚШ патенттерінің біреуі немесе бірнешеуі қолданылады: 7,295,673; 7,460,668; 7,515,710; 7,519,274.

DivX®, DivX Certified® және оларға қатысты логотиптер Rovi корпорациясының немесе оның филиалдарының сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады.

Сапалы мазмұнды қоса DivX® бейнесін HD 1080р ажыратымылығына дейін ойнату үшін DivX Certified® күелігі берілген.

DIVX VIDEO ТУРАЛЫ: DivX® дегеніміз Rovi корпорациясының филиалы DivX ЖШС жасаған сандық бейне пішімі болып табылады. Бұл DivX бейнесін ойнататын ресми DivX Certified® құрылғысы. Файлдарды DivX бейнелеріне түрлендіру үшін divx.com сайтына кіріңіз.

DIVX VIDEO-ON-DEMAND ТУРАЛЫ: Бұл DivX Certified® құрылғысы сатып алғынған DivX Video-on-Demand (VOD) фильмдерін ойнату үшін тіркеуі керек. Тіркеу кодын алу үшін құрылғының орнату мәзірінде DivX VOD белгінің орнын анықтаңыз. Тіркеуді аяқтау туралы толық акларат үшін vod.divx.com сайтына өтіңіз.



Skype — Skype Limited немесе қатысты компаниялардың сауда белгісі.

PlayReady дайын өнімдері

Мазмұн иелері өздерінің зияткерлік меншігін, соның ішінде авторлық құқықпен корғалған мазмұнды корғау үшін Microsoft PlayReady™ мазмұнға кіру технологиясын пайдаланады. Бұл құрылғы PlayReady корғалған мазмұнғына және/немесе WMDRM корғалған мазмұнғына кіру үшін PlayReady технологиясын пайдаланады. Егер құрылғы мазмұнды пайдалануға қатысты шектеулердің дүріс орындаамаса, мазмұн иелері Microsoft корпорациясынан құрылғының PlayReady корғалған мазмұнын пайдалану мүмкіндігін жоюды талап етуі мүмкін. Мұндай мүмкіндікті жою корғалмаған мазмұнға немесе басқа мазмұнға кіру технологиялары арқылы корғалған мазмұнға әсер етпеуі тиіс. Мазмұн иелері өздерінің мазмұнғына кіру үшін сізден PlayReady бағдарламасын жаңартуды талап етуі мүмкін. Егер жаңартудан бас тартсаныз, жаңартуды қажет ететін мазмұнға кіре алмайсыз.

Барлық басқа тіркелген және тіркелмеген сауда белгілері олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

Тұрақтылық

Электр энергиясын үнемдеу

Бұл теледидар қуатты тиімді пайдалану мүмкіндітерімен жасалған. Осы мүмкіндітерге кіру үшін, қашықтан басқару пультіндегі **Жасыл түсті түйме** түймесін басыңыз.

- **Қуатты үнемдейтін сурет параметрлері:** қуатты үнемдейтін сурет параметрлерінің жиынтығын қолдануға болады. Теледидардың көріп отырган кезде, **Жасыл түсті түйме** түймесін басып, **[Коректі үнемдеу]** опциясын таңдаңыз. Одан кейін, **[Коректі үнемдеу]** сурет параметрін таңдаңыз.
- **Экранды өшіру:** теледидардан тек дыбыстығы ғана тыңдағыныз келсе, теледидардың экранын өшіруге болады. Басқа функциялар әдеттеңдій жұмыс істеуді жалғастырады. Теледидардың көріп отырган кезде, **Жасыл түсті түйме** түймесін басып, **[Экран өшірүлі]** опциясын таңдаңыз.
- **Жарық сенсоры:** қаранғы болғанда, кірістірілген сыртқы жарық сенсоры ТД экран жарықтығын азайтады. Сенсорды косу үшін теледидардың көріп отырган кезде **Жасыл түсті түйме** түймесін басып, **[Жарық сенсоры]** опциясын таңдаңыз.
- **Күту режимінде қуат төмөн деңгейде:** жетілдірілген электр тізбегі теледидардың қуатты жұмысауын барынша төмөндөтіп, әрі тұракты күту режимінің функциясына әсер етпейді.

- Автоматты түрде өшіру:** Қуатты үнемдеу үшін, әрекетсіз күйден кейін теледидаңды автоматты түрде өшіреді. Теледидаңды көріп отырған кезде, **Жасыл түсті түйме** түймесін басып, **[Автоматты өшіру]** опциясын таңдаңыз. Одан кейін теледидаң автоматты түрде өшірілетін кезеңді таңдаңыз.
- Белсенді емес құрылғыларды өшіру:** Қосылған белсенді емес EasyLink HDMI-CEC (тұтынушыға арналған электрондық басқару құралы) үйлесімді құрылғыларын өшіреді. Теледидаңды көріп отырған кезде, **Жасыл түсті түйме** түймесін басып, **[Әрекетсіз құрылғылар өшіру]** опциясын таңдаңыз.
- Қуатты басқару:** жетілдірілген қуатты басқару мүмкіндігі осы теледидаңармен жұмысалатын қуатты үнемдеуге көмектеседі. Теледидаңдың жекеленген параметрлері теледидаңдың қатысты қуат тұтыну көлеміне қалай әсер ететінін көрү үшін, **🏡** түймесін басып, **[Баптау] > [Көрс-ді көрү] > [Белсенді бақылау көрсетілімі]** опцияларын таңдаңыз.

Қайта өндеу

Бұл өнім қайта өндеу, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сыйылған дөнгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымдың Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лактыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.



Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепті қоқысқа қоспай, жеке лактыруынызды өтінеміз. Есқи бұйымынызды қоқысқа дұрыс тастау коршаган ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайты.

Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген кондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лактыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лактыру ережелерін сақтау коршаган ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайты.



Қуат белгісіл

Еуропалық қуат белгісі өнімнің қуат тұтыну тобы туралы мәліметтер береді. Өнімнің қуат тұтыну тобы тым жасыл болса, бұл оның тәмен дengейде қуат тұтынатының білдіріді.

Белгіден қуатты тиімді тұтыну тобын, қолданыстағы өнімнің қуат тұтынудың орташа мәні мен 1 жылдық қуат тұтынудың орташа мәнін табуға болады. Өнімнің қуат тұтыну мәндөрін, сондай-ақ, елінізге тиісті Philips веб-торабынан, яғни www.philips.com/TV, табуға болады.

Анықтама және қолдау

Анықтаманы пайдалану

Экрандағы [Анықт.] мәзіріне кіру үшін, **Кек түсті түйме** түймесін басыңыз.

[Анықт.] мәзірінен шығу үшін түймесін басыңыз.

Philips веб-торабына кіру

Қажетті нәрсені экрандағы [Анықт.] арқылы таба алмасаңыз, Philips компаниясының тұтынушыларға техникалық қызмет көрсету веб-торабына, яғни www.philips.com/support, кірініз.

Сондай-ақ, Philips компаниясының тұтынушыларға техникалық қызмет көрсету веб-торабынан келесі әрекеттерді орындауға болады:

- жий қойылатын сұраптардың жауаптарын табу;
- осы пайдалануышы нұсқаулығының басып шығаруға болатын PDF нұсқасын жүктеп алу;
- электрондық пошта арқылы бізге нақты сұрап жіберу;
- Philips тұтынушыларға қолдау көрсету орталығымен онлайн режимінде сөйлесу (нақты едерде ғана қол жетімді).

Philips байланыс мүмкіндігі

Нұсқаулығын пайдалану

Пайдалануға оңай байланыс мүмкіндігі нұсқаулығы теледиадардың басқа құрылыштарға қосу жолы бойынша бағыт береді.

<http://www.connectivityguide.philips.com>

торабына кірініз.

ТД форумын іздеу

Сұрағынызға пайдалануышылардың Philips ТД қауымдастырымен бұрын жауап қайтарылғаны мүмкін.

www.supportforum.philips.com торабына кірініз.

Philips компаниясына хабарласу

Көмек алу үшін, елініздегі Philips компаниясының тұтынушыларға техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Нәмірі осы өніммен бірге берілген қағазда жазылған не болмаса www.philips.com/support торабында көрсетілген.


Philips компаниясына хабарласу алдында, теледиадардың үлгісі мен сериялық нәмірін жазып алыңыз. Бұл мәліметтерді теледиадардың артқы жағынан немесе оның корабынан таба аласыз.

2 Теледидарды пайдалану

Сенсорлар және көрсеткіштер


Теледидардың басқару элементтері

Артқы басқару элементтері




1. ⚡ (Күту режимі): Теледидарды косады немесе өшіреді.
2. CH +/-: келесі немесе алдыңғы арнаға ауыстыру.
3. ⚡ (SOURCE): Қосылған құрылғыны көрү.
4. +/- (Дауысы): Дыбыс деңгейін жоғарылатады немесе төмендетеді.

TV



1. Күту режимі көрсеткіші және қашықтықтан басқару пультінің сенсоры. Күту ЖШД теледидар күту режимінде тұрғанын көрсетеді. Қашықтан басқару пультін сенсорға қарай бағыттаңыз. Қашықтан басқару пульті мен теледидар арасындағы жолда кедергінің жоқтығын тексерініз.


Қашықтан басқару пульті




1. ⚡ (Күту режимі): Теледидарды қосу немесе оны күту режиміне ауыстыру.
2. Ойнату түймелері: Мультимедиа файлдарының ойнатылуын басқару.
3. GUIDE: Теледидар нұсқаулығына кіру.
4. 3D: 3D режиміне ауысу.
5. ⚡ SOURCE: Қосылған құрылғыны көрү.
6. AMBILIGHT: Ambilight функциясын қосу немесе өшіру.
7. TV: Теледидар көрү.
8. FORMAT: Суреттің пішімін өзгерту.




9. **Home** (Бастапқы): Home (Басты) мәзіріне етү.
 10. **OK**: енгізуіді немесе таңдауды растау.
 11. **SMART TV**: Smart TV мүмкіндіктеріне кіру.
 12. **▲ ▼ ◀ ▶** (Жылжу түймелері): Мәзірлерді шарлау және элементтерді таңдау.



13. **≡ LIST**: ТД арналар тізіміне кіру.
 14. **✖ EXIT**: Мәзірлерден немесе теледидар функцияларынан шығу.
 15. **ⓘ INFO**: Ағымдағы әрекет туралы мәліметтерді көрсетеу.
 16. **☰ OPTIONS**: Ағымдағы қол жетімді параметрлерді, суретті және дыбыс мәзірлерін ашу.



17. **↶ (Арты)**: Алдыңғы мәзір бетіне қайтып ораду немесе ТД функциясынан шығу.
 18. **CH - / CH +**: арналарды аудыстыру.
 19. **+/-(Дауысы)**: Дыбыс деңгейін реттеу.
 20. **🔇 (Дауыссыз)**: Дыбысты өшірү немесе қалпына келтіру.



21. **Тұрлі түсті түймелер**: тапсырмаларды не опцияларды таңдау.
 22. **SUBTITLE**: Суббитрлерді қосу немесе ажырату.
 23. **0-9 (Санды түймелер)**: Теледидар арналарын таңдау немесе мәтін енгізу.
 24. **TEXT**: Телемәтінді қосу немесе ажырату.

EasyLink басқару элементтері

Теледидарды HDMI-CEC арқылы қосылатын құрылғыларға жалғасаңыз, мысалы, Blu-ray ойнатқышы немесе үй кинотеатры, оларды бір уақытта бір қашықтан басқару құралымен басқаруға болады. Қосылғаннан соң жай ғана EasyLink торабына аудысып қосылыңыз.

Easylink туралы қосымша ақпаратты

Теледидарды қосу > Easylink

құрылғыларын орнату > Құрылғыларды

басқару (Бет 70) бөлімінен оқыңыз.

Экрандағы қашықтан басқару пульті

Сондай-ақ, HDMI-CEC мүмкіндігі қосылған құрылғыларды экрандағы қашықтан басқару пульті арқылы қол жетімді болатын басқа түймелермен басқаруга болады. Қосылғаннан кейін Easylink қосымша ақпаратты **Теледидарды қосу > Easylink құрылғыларын орнату > Құрылғыларды басқару** (Бет 70) бөлімінен оқыңыз.

Экрандағы қашықтан басқару пультін ашу үшін

1. Қосылған құрылғыны көріп отырганыңызда, **OPTIONS** түймесін басыңыз.
2. [Қашық-н басқ-уды көр-у] опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. Экрандағы түймені таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Смартфонды басқару



«Philips MyRemote» смартфон колданбасының көмегімен смартфонды қосымша пульт, керек десеңіз пернетекта ретінде пайдалана аласыз. Сіз, сонымен қатар, теледидардан смартфондағы суреттердін слайдшоуын көре аласыз.

Ескертпе: Теледидар мен смартфонның бір жергілікті желіге қосылғанын тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін **Теледидарды қосу > Желіге және Интернетке қосу** (Бет 72) бөлімін қараныз.

«Philips MyRemote» колданбасын жүктеу үшін мына нұсқауларды орындаңыз:
1. «Philips MyRemote» колданбасын смартфонға жүктеу үшін Apple App дүкеніне немесе Google Play дүкеніне кіріңіз.
2. Колданбалар дүкенінде берілген нұсқауларды орындаңыз.

ТД көру

Теледидарды қосу немесе өшіру



Теледидарды қосу

- Теледидарды қуат розеткасына қосып, желі қуатын қосыңыз.
- Теледидар қосымаса, күту ЖШД өшірүлі күйде болады. Теледидардағы Ⓛ түймесін басыңыз.
- Күту ЖШД жаңып тұрса, қашықтан басқару пультіндегі Ⓛ түймесін басыңыз.

Ескертпе: Теледидар жауап беруден бұрын қысқа кідріс болады.

Кеңес. Қашықтан басқару пультін таба алмай, теледидарды күту режимінен косқыңыз келсе, теледидардағы кез келген пернені басыңыз.

Теледидарды күту режиміне ауыстыру

Қашықтан басқару құралындағы Ⓛ түймесін басыңыз.

Теледидардағы күту ЖШД қызыл түске ауысады.

Теледидарды өшіру

Теледидардағы Ⓛ түймесін басыңыз.
Күт ЖШД өшірүлі күйге ауысады.

Ескертпе. Теледидар күту режимінде болғанда не өшіп тұрганда аз мөшерде құат тұтынса да, ол біраз құат жұмсайды. Теледидарды ұзак үақыт пайдаланбасаңыз, оны негізгі құат көзінен сұрып алыңыз.


Автоматты өшіру

Әдепкі бойынша қосылатын осы теледидардың энергияны үнемдеу параметрлерімен энергияны үнемдей аласыз. Төрт сағат бойы пайдаланушының ешқандай әрекеті (мысалы, қашықтан басқару пультінің түймесін немесе теледидардағы басқару элементін басу) болмаса, теледидар күту режиміне автоматтарты түрде ауысады.

Автоматты түрде өшіру функциясын ақырату үшін:

1. Теледидарды көріп отырганда, қашықтан басқару пультіндегі **Жасыл түсті түйме** түймесін басыңыз.
2. [Автоматты өшіру] опциясын таңдал, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. Таңдау үшін **Жылжу түймелері** пайдаланыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Теледидардың дыбыс деңгейін дұрыстау



TV



Теледидардың дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету

- Қашықтан басқару құралындағы +/- түймесін басыңыз.
- Теледидардағы ▲ +/- түймесін басыңыз.



Теледидардың дыбысын өшіру немесе қалпына келтіру

- Дыбысты өшіру үшін, қашықтан басқару пультіндегі Ⓛ түймесін басыңыз.
- Дыбысты қалпына келтіру үшін Ⓛ түймесін қайта басыңыз.

Құлақспаптың, дыбыс деңгейін реттеу

1. **家** түймесін басыңыз.
2. [Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Дыбыс] > [Құлаққап үнділігі]
параметрлерін таңдал, **OK** түймесін басыңыз.
3. Деңгейді таңдаңыз.

Теледидар арналарын ауыстыру



- Кашықтан баскару пультіндегі не теледидардағы **CH +/-** үймесін басыңыз.
- Арна нөмірін енгізу үшін қашықтан баскару пультінде **Санды түймелер** түймесін басыңыз.

Таңдаулы арналарды баскару

Барлық арналарды немесе тек сүйікті арналар тізімін ғана қарауынызға болады.

Сүйікті арналар тізімін жасау

- ≡ LIST** түймесін басыңыз.

Арналар тізімі көрсетіледі.

- Таңдаулы деп белгілеу үшін арнаны таңдап, **☰ OPTIONS** түймесін басыңыз.

- [**Таңдаулыларды қосу/жою**] таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Таңдаған арна жұлдызшамен белгіленеді.

Арнаны таңдаулылар тізімінен жою үшін, [**Таңдаулыларды қосу/жою**] опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Таңдаулы арналар тізімін көрсету

- ≡ LIST**, одан кейін **☰ OPTIONS** түймелерін басыңыз.

- Таңдаулылар тізіміндегі арналарды көрсету үшін [**Тізім**] > [**Таңдаулылар**] параметрін таңдаңыз.

- Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Арналар тізімін баскару

Арналар орнатылған соң, мына әрекеттерді орындаі аласыз:

- Арналарды сұзу.
- Антenna және кабель арналары арасында ауысу.
- Арналардың атауларын өзгерту.
- Арналарды кайта реттей.
- Арнаны құлпыттау.
- Сандық радионы тыңдау.

Арналарды сұзу

1. Теледидарды көріп отырған кезде **≡ LIST** түймесін басыңыз.

2. **☰ OPTIONS** түймесін басып, одан кейін [**Сұзғі**] опциясын таңдаңыз.

3. Параметрді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

- [**Сандық+Анал-тық**]: Арналар тізіміндегі барлық арналарды көрсету.
- [**Сандық теледидар арналары**]: Тек сандық арналарды көрсету.
- [**Аналогтық арналар**]: Тек аналогтық арналарды көрсету.
- [**Шектеуісіз/шифранған**]: Арналар тізіміндегі барлық арналарды көрсету.
- [**Шифранған арналар**]: Тек сзығылған арналарды көрсету.
- [**Тегін арналар**]: Тек тегін арналарды көрсету.

Ескертпе: Сұзу параметрлері хабар таратушынызға байланысты өзгеруі мүмкін.

Антenna және кабель арналары арасында ауысу

Теледидар көріп отырғанда, антenna және кабель арналары арасында ауыса аласыз.

- Теледидарды көріп отырған кезде **≡** түймесін басыңыз.

- [**Балтау**] > [**Арна параметрлері**] > [**Арнаны орнату**] > [**Антenna байланысы**] опцияларын таңдаңыз.

- Антenna арналарын көру үшін [**Антenna (DVB-T)**] параметрін, ал кабель арналарын көру үшін [**Кабель (DVB-C)**] параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Арналардың атауларын өзгерту

Арнаны таңдағанда, оның атасы пайда болады. Бұл арна атауын өзгертуге болады.

1. Теледидарды көріп отырған кезде
≡ LIST түймесін басыңыз.

Арналар тізімі көрсетіледі.

2. Атасы өзгертілетін арнаны таңдап,
☰ OPTIONS параметрін таңдаңыз.

3. **[Ат өзг.]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Экрандағы пернетакта көрсетіледі.

4. Эрбір таңбаны таңдау үшін, **Жылжу түймелері**, одан кейін **OK** түймелерін басыңыз.

5. Аяқтаған соң, **[Дайын]** параметрін таңдап, растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Арналарды ретке келтіру

Арналар орнатылған соң, арналардың тізімдегі ретке келтіруге болады.

1. Теледидарды көріп отырған кезде
≡ LIST түймесін басыңыз.

Арналар тізімі көрсетіледі.

2. **☰ OPTIONS** түймесін басыңыз.

3. **[Ретке келтіру]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

4. Ретке келтіру үшін арнаны таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

5. Бөлектелген арнаны басқа орынға жылжыту үшін, **Жылжу түймелері** (Шарлау түймелерін), одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

6. Аяқтаған соң, **☰ OPTIONS** түймесін басыңыз.

7. **[Қайта реттеуден шығу]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Арнаны құлышпау

Арналарды құлышпау арқылы оларға рұқсатсыз кірге тыйым сала аласыз.

1. Теледидарды көріп отырған кезде
≡ LIST түймесін басыңыз.

Арналар тізімі көрсетіледі.

2. Құлышпалатын арнаны таңдап,
☰ OPTIONS түймесін басыңыз.

3. **[Арнаны кілттеу]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

4. Сұралса, ріп кодын енгізіңіз.

Арналар тізімінде арна құлыш белгішесімен белгіленеді.

Кеңес: Құлыштанған арнаны көру үшін сұралған кезде ріп кодын енгізіңіз.

Сандық радионы тыңдау

Сандық радио арналары қол жетімді болса, оларды тыңдауға болады.

Теледидар арналарын орнатқанда, олар да автоматты түрде орнатылады.

1. Теледидарды көріп отырған кезде
≡ LIST түймесін басыңыз.

Арналар тізімі көрсетіледі.

2. **☰ OPTIONS** түймесін басыңыз.

3. **[Сұзғи] > [Радио]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

4. Радио арнасын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Жалғаулы құрылғыларды көру

Құрылғыны көрмestен бұрын, құрылғыны теледидарға қосыңыз. **Теледидарды қосу > Құрылғылар жалғау** (Бет 58) бөлімін қарыңыз.

SOURCE көмегімен құрылғыны таңдаңыз

1. **➡ SOURCE** түймесін басыңыз.

2. Құрылғыны таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Басты мәзірден құрылғыны таңдау

1. **⬆** түймесін басыңыз.

2. **[Ресурс]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

3. Құрылғыны таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Қосылған құрылғыларды қосу немесе басқару үшін **Теледидарды қосу >**

Жалғаулы құрылғыларды көр

Құрылғы параметрлерін өзгерту (Бет 68) бөлімін қарыңыз.

Сурет және дыбыс алдын ала орнатылған параметрлерін пайдалану

Теледидар алдын ала анықталған сурет және дыбыс параметрлерімен келеді. Осы параметрлерді қолдануға немесе теншеге болады.

Қалаған сурет параметрін таңдау

1. Теледидарды көріп отырган кезде **☰ OPTIONS** түймесін басыңыз.
2. **[Сурет және дыбыс] > [Сурет мәнери]** опцияларын таңдаپ, **OK** түймесін басыңыз.
3. Опцияны таңдаپ, **OK** түймесін басыңыз:

- **[Жеке]**: жеке сурет параметрлерін қолдану.
- **[Жарқын]**: күндіз көруге ен қолайлы толыққанды әрі динамикалық параметрлер.
- **[Табиғи]**: табиғи сурет параметрлері.
- **[Стандартты]**: көптеген орталарға және бейне түрлеріне сәйкес келетін әдепті параметрлер.
- **[Фильм]**: фильмдер үшін ен қолайлы параметрлер.
- **[Фотосурет]**: фотосуреттер үшін ен қолайлы параметрлер.
- **[Коректі үнемдеу]**: күттәс тиімді үнемдейтін параметрлер.

Қалаған дыбыс параметрін таңдау

1. Теледидарды көріп отырган кезде **☰ OPTIONS** түймесін басыңыз.
2. **[Сурет және дыбыс] > [Дыбыс мәнери]** опцияларын таңдаپ, **OK** түймесін басыңыз.
3. Опцияны таңдаپ, **OK** түймесін басыңыз:

- **[Жеке]**: Жекелеген дыбыс параметрлерін қолдану.
- **[Тұпнұска]**: көптеген орталарға және дыбыс түрлеріне сәйкес келетін параметрлер.
- **[Фильм]**: фильмдер үшін ен қолайлы параметрлер.
- **[Музыка]**: Музыка тыңдауға қолайлы параметрлер.
- **[Ойын]**: ойындар үшін ен қолайлы параметрлер.
- **[Жаңалықтар]**: жаңалықтар сияқты ауызша дыбыс үшін ен қолайлы параметрлер .

Сурет форматын өзгерту

Бейне көзіне сәйкестендіру үшін, сурет форматын өзгертуге болады.

1. **▣ FORMAT** түймесін басыңыз.
2. Сурет форматын таңдаپ, **OK** түймесін басыңыз.

Қол жетімді сурет форматтары бейне көзіне байланысты болады:

- **[Авто бояу]**: Экранды толтыратын етіп суретті реттейді (субтитрлер көрсетілп тұрады). Экран аз бүрмаланғанда ұсынылады, бірақ катты дискіге немесе компьютерге арналмаған.
- **[Авто ұлғайту]**: Экранды толтыратын етіп суретті үлкейту. Экран аз бүрмаланғанда ұсынылады, бірақ катты дискіге немесе компьютерге арналмаған.
- **[Косымша ұлғайту]**: 4:3 форматын таратылымдарының жан-жағындағы кара жолактарды кетіру. Катты дискіге немесе компьютерге ұсынылмаған.
- **[Кино кеңейтімі 16:9]**: 4:3 форматын 16:9 масштабына өзгерту. Катты дискіге немесе компьютерге ұсынылмаған.
- **[Кен, бейнебет]**: Кен экранды формат мазмұнын созбай көрсетеді. Катты дискіге немесе компьютерге ұсынылмаған.
- **[Ауқымы анықталмаған]**: Компьютер үшін барынша тоłyқ мәлімет беру. Сурет мәзірінде компьютер режимі таңдағандағанда ғана қол жетімді болады.
- **[4:3]**: классикалық 4:3 форматында көрсету.

Бағдарламалық нұсқаулықты көрү

Не істеуге болады

Хабар таратушылар берген бағдарлама нұсқаулықтарын пайдаланып сандық теларналардың арна кестелерін және бағдарлама синопсистерін қарай аласыз. Бағдарлама нұсқаулығының қол жетімділігі хабар таратушыға байланысты болады.

Бағдарлама нұсқаулықтарын екі әдістің біреуі арқылы қарай аласыз:

- Хабар таратушыдан
- Интернет арқылы

Арнаның бағдарлама нұсқаулығын келесі жағдайда қарай алмайсыз:

- арнаның жас шектеуі теледидаarda орнатылған жас шектеуіне тен немесе одан жоғары.
- арна құлыштанған.

Хабар таратушыдан

Хабар таратушының бағдарлама нұсқаулығын таңдау

Бағдарламалық нұсқаулықты пайдалану алдында мына параметрлерді тексерініз:

1. түймесін басыңыз.

2. [Баптау] > [Теледидаар параметрле] > [Жалпы параметрлер] > [Теледидаар нұсқаулығы] опцияларын таңдаңыз.

3. [Хабар таратушыдан] опциясын таңдаپ, одан кейін ОК түймесін басыңыз.

Хабар таратушының бағдарлама нұсқаулығына кіру

1. түймесін басыңыз.
2. [Теледидаар нұсқаулығы] опциясын таңдаپ, одан кейін ОК түймесін басыңыз.
3. Бағдарламалық нұсқауды алғаш рет қарал отырсаныз, нұсқаулықты жаңарту үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Хабар таратушының бағдарлама нұсқаулығын тәңшеу

Көрсетілетін мәліметті реттеуге болады:

- Бағдарламалар басталғанда еске салу.
- Тек қалаған арналарды көрсету.
- Дисплей күнін өзгерту.
- Бағдарламалардың жазбаларын жоспарлау. [Теледидаардық қосымша мік міндеттерін пайдалану >](#)
[Телешоуларды жазу > Жазбаларды жоспарлау](#) (Бет 33) бөлімін қараңыз.

Ескертпе: Параметрлер хабар таратушыдан қол жетімді бағдарлама ақпаратына байланысты әртурлі болуы мүмкін.

1. Бағдарламалық нұсқаулықта OPTIONS түймесін басыңыз.

2. Опцияны таңдаپ, ОК түймесін басыңыз:

- [**ЕРГ деректерін алу**]: Бағдарлама нұсқаулығы ақпаратын жаңарту.
- [**Күнді өзгерту**]: Бағдарлама нұсқаулығын көрсету үшін күнді таңдау.
- [**Жаңар бойынша іздеу**]: Бағдарламаларды жаңар бойынша іздеу.
- [**Барлық еске салғыштар**]: Барлық бағдарлама еске салғыштарының тізімін көрсету.

Интернет арқылы

Теледидаардың жоғары жылдамдықпен тарату қосылымы арқылы интернетке қосылып түрганын тексерініз.

Теледидаарды қосу > Желіге және

Интернетке қосу (Бет 72) бөлімін қараңыз.

Интернеттегі бағдарлама нұсқаулығын таңдау

Бағдарламалық нұсқаулықты пайдалану алдында мына параметрлерді тексерініз:

1. түймесін басыңыз.

2. [Баптау] > [Теледидаар параметрле] > [Жалпы параметрлер] > [Теледидаар нұсқаулығы] опцияларын таңдаңыз.

3. [Интернеттен] опциясын таңдаپ, одан кейін ОК түймесін басыңыз.

Интернеттегі бағдарлама нұсқаулығына кіру

1. түймесін басыңыз.
2. [Теледидар нұсқаулығы] опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Ескертпе. Бағдарламалық нұсқауды алғаш рет қарап отырсаңыз, нұсқаулықты жаңарту үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Интернеттегі бағдарлама нұсқаулығын теншеу

Бағд, нұсқаулықты келесі әрекеттерді орындау үшін қолдануга болады:

- Бағдарламалардың жазбаларын жоспарлау. **Теледидардың қосымша мік міндеңдерін пайдалану > Телешоуларды жазу > Жазбаларды жоспарлау** (Бет 33) бөлімін қараңыз.
- Арналарды анықтау.
- Дисплей күнін таңдау.
- Бағдарлама нұсқаулығының мәліметтеріне қайта жүктеу немесе масштабтау.
- Қауіпсіздік мәліметтерін қаруа.

Ескертпе: Параметрлер хабар таратушыдан қол жетімді бағдарлама ақпаратына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

1. Бағдарламалық нұсқаулықта **OPTIONS** түймесін басыңыз.
2. Опцияны таңдап, **OK** түймесін басыңыз:

- **[Жазу]:** жоспарланған жазбаны орнату.
- **[Арнаны анықтау]:** арна ақпаратын қолмен жаңарту.
- **[Күнді таңдау]:** Көрсету үшін күнді таңдау.
- **[Қолмен жазу]:** жазбаны қолмен орнату.
- **[Бетті қайта жүктеу]:** бет көрінісін жаңарту.
- **[Масштаб]:** бет көрінісінің масштаб. деңгейін өзгерту.
- **[Қауіпсіздік ақпараты]:** бағдарлама қауіпсіздігі туралы мәліметтерді көрсету.

3D көру


Қажетті әрекеттер

Теледидарыңыз 3D теледидары болып табылады. 3D көрдеген бұрын, **Маңызды > Қауіпсіздік > 3D денсаулыққа зияндығын ескерту бөліміндегі денсаулыққа зияндығын ескертетін ақпаратты оқып шығыңыз** (Бет 5).

Бұл теледидарда 3D мазмұнын көру үшін теледидармен берілген Philips Easy 3D пассивті көзіндірігін пайдаланыңыз.

Ескертпе:

- Қосымша көзіндірік қажет болса, **PTA417** үлгідегі Philips Easy 3D көзіндірігін сатып аlyңыз. Басқа брендтерден аlyңған 3D көзіндірігі 3D әсерін азайтуы немесе жоғалтуы мүмкін.
- Кейір 3D форматтарына колдау көрсетілмейді.



3D бағдарламаларын көргендеге ең жақсы 3D әсерін көру үшін:

- Теледидар экранының енінен (w) кемінде үш есе болатын қашықтықта отырыңыз. 6 м алысyrap отырманыңыз.

3D бастау

3D режимін автоматты түрде косу

Теледидар 3D қол жетімді болса анықтап, көрүді бастау үшін 3D көзілдіргін киоді ұсынады. 3D сигналы анықталған кезде теледидар жауабын орнату үшін:

1. түймесін басыңыз.
2. [Баптау] > [Теледидар параметрлер] > [3D] > [3D режиміне ауысу] тармағын таңдаңыз.

3. Параметрді таңдал, **OK** түймесін басыңыз.

- **[Автоматты]:** Теледидар 3D режиміне автоматтты түрде ауысады.
- **[Тек хабарландыру]:** Теледидар алдымен хабарландыру көрсетеді.
- **[Ешқашан]:** Хабарландыру жок.

3D бар көзді таңдау

3D дискілері үшін:

1. Теледидардың HDMI коскышына жалғанған 3D Blu-ray диск ойнатқышында дискіні ойнатыныңыз.
2. SOURCE түймесін басып, 3D Blu-ray диск ойнатқышын таңдаңыз.

3D теледидар бағдарламалары үшін:

1. **[ГД қаралу]** тармағын таңдал, 3D мазмұнын тарататын телеарнаға ауысыңыз.

Ескертпе:

- 2D режиміне қайта ауысу үшін **3D** түймесін басып, **[2D]** тармағын таңдаңыз.
- Егер басқа арнаға немесе қосылған құрылғыға ауыстырсаныңыз, теледидар 2D режиміне ауысады.

3D енгізу форматын таңдау

Теледидар 3D қол жетімді болса анықтап, көрүді бастау үшін 3D көзілдіргін киоді ұсынады. Егер 3D сигнал тегі жок болғандықтан теледидар 3D сигналын анықтай алмаса, ол қабаттасатын суреттерді көрсетеді.

Қабаттасатын суреттерді 3D режиміне ауыстыру үшін 3D пішімін өзгертиңіз.

1. **3D** түймесін басыңыз.
2. Параметрді таңдал, **OK** түймесін басыңыз:

- **[3D - Қатар]:** Теледидар тігінен қабаттасатын суреттерді көрсетсе таңдаңыз.
- **[3D - Жоғары / тәмен]:** Теледидар көдеменінен қабаттасатын суреттерді көрсетсе таңдаңыз.
- **[3D - Жоғары / тәмен төңкерілген]:** немесе **[3D - Қатар төңкерілген]:** Теледидар өн сізге жақын пайда болған сияқты бұзылған суреттерді көрсетсе таңдаңыз.

2D форматын 3D форматына түрлендіру

Кез келген 2D бағдарламасын 3D режимде көрү үшін түрлендіре аласыз.

1. **3D** түймесін басып, **[2D көрінісін 3D көрінісіне түрлендіру]** тармағын таңдаңыз.

2D форматын 3D форматына түрлендіруді өшірү үшін:

1. **3D** түймесін басып, **[2D]** тармағын таңдаңыз.

Ескертпе: Басқа әрекетке ауыссаныз, түрлендіру тоқтайды.

3D терендігін реттеу үшін:

1. **OPTIONS** түймесін басыңыз.
2. [Сурет және дыбыс] > [3D әсері] түймесін таңдаңыз.
3. Параметрді таңдал, **OK** түймесін басыңыз.

Ambilight

Не істеуге болады

Ambilight теледидарды көрүді жайы етеді. Жарық теледидар суретінің түсі мен ашықтығына сәйкес келу үшін автоматтый түрде өзгереді.

Қажетті әрекеттер



Ең жақсы Ambilight әсері үшін:

- Теледидарды кабыргадан 25 см алыс орналастырыңыз.
- Бөлмені каранғыланыз.

Қосу

1. Қашықтан басқару пультіндегі **AMBILIGHT** түмесін басыңыз.
2. Ambilight режимін қосу немесе өшіру үшін **[Қосулы]** немесе **[Ажыратулы]** параметрін таңдаңыз.

Бөлме жарығын қосу

Бөлмеде бөлме жарығы әсерін жасау үшін теледидар күту режимінде тұрғанда Ambilight режимін қосыңыз.

- Теледидар күту режимінде тұрғанда, **AMBILIGHT** түмесін басыңыз.
- Ambilight бөлме жарығы режимдерін ауыстырып-қосу үшін **AMBILIGHT** түмесін қайталап басыңыз.

Ескертпе: бөлме жарығын қосу үшін бес секундан көп уақыт кетуі мүмкін.

Параметрлерді өзгерту

1. Теледидарды көріп отырған кезде **Түймесін басыңыз.**
2. **[Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Ambilight]** опцияларын таңдаңыз.
3. Параметрді таңдал, одан кейін **OK** түймесін басыңыз:
 - **[Режим]:** Ambilight режимін **[Ажыратулы], [Динамикалық]** немесе **[Тұрақты]** арасынан таңдау.
 - **[Ажыратулы]:** Ambilight режимін өшірү.
 - **[Динамикалық]:** Ambilight режимінің экрандағы суреттерге жауап бергенін қаласаңыз таңдаңыз.
 - **[Тұрақты]:** Накты Ambilight түсін орнату қажет болса таңдаңыз.
- **[Жарықтылық]:** Ambilight жарықтығын реттеу.
- **[Динамикалық]:** Ambilight режимінің экрандағы суреттерге жауап беру жылдамдығын реттепеңіз. Таңдалған Ambilight режимі **[Динамикалық]** болса ғана қол жетімді.
- **[Тұрақты]:** Ambilight түсін таңдау. Бұл түс бекітілген және сурет дисплейіндегі өзгертулерге жауап бермейді. Таңдалған Ambilight режимі **[Тұрақты]** параметріне орнатылса ғана қол жетімді.
 - **[Тұс]:** Алдын ала анықталған Ambilight түсін таңдау.
 - **[Тандамалы тұс]:** Ambilight түсін теншеу. Таңдалған Ambilight түсі режимі **[Тандамалы]** болса ғана қол жетімді.
- **[Кеңейтілген]:** Қосымша Ambilight параметрлерін таңдау.
 - **[Гүсқағаз тұсі]:** Қолайлы Ambilight параметрлерін колдану үшін қабырга түсін таңдау.
 - **[Теледидарды өшіру]:** Теледидар күту режимінде ауысқанда Ambilight режимінің өшү жолын таңдау.
 - **["Бөлме жарығы" күйі]:** Теледидар күту режимінде ауысқанда, бөлме жарығы әсері үшін алдын ала анықталған Ambilight түсін таңдау.

Мультимедиа файлдарын ойнату

Не істеуге болады

Бейнелерді, суреттерді және музыканы теледидарда мына күрүлғылардан ойнатуға болады:

- Компьютер үй желісі арқылы қосылған.
- Теледидарға қосылған USB күрүлғысы.

Файлдарды компьютерден ойнату

Қажетті әрекеттер

- Universal Plug and Play (uPnP) маршрутизаторы арқылы қосылған сымды немесе сымсыз үй желісі.
- Қосымша: Теледидарды үй желісіне қосатын LAN кабели
- Компьютерде іске қосылған медиа сервер.
- Медиа серверін іске қосуға мүмкіндік беретін компьютердің корғау жүйесіндегі тиісті параметрлер.

Желіні орнату

1. Теледидар мен компьютерді бір үй желісіне қосыныз. **Теледидарды қосу > Желіге және Интернетке қосу** (Бет 72) бөлімін қараңыз.
2. Компьютер мен маршрутизаторды қосыныз.

Ескертпе:

Сыртқы электр ақауларына (мысалы, электростатикалық разряд) байланысты күрүлғы DLNA режиміне қайтпаса, пайдаланушының араласуы қажет болады.

Медиа файлын ортақ пайдалану мүмкіндігін орнату

